



**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет
«Агробиология» факультеті
«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы**

«Өсімдік шаруашылығы» пәнінен дәріс сабағы

Дәріс №10

□ **Тақырыбы:** Майлы дақылдар. Маңызы, техникалық көптүрлілігі, түр құрамы.

□ **Өсімдік майының сапа көрсеткіштері. Өсірілетін аудандары, өнімділігі**

А.ш.ғ.к қауым.профессор Досжанова Айнур Серикбайқызы

Алматы, 2025

10-дәріс

Тақырыбы: Майлы дақылдар. Маңызы, техникалық көптүрлілігі, түр құрамы.
Өсімдік майының сапа көрсеткіштері. Өсірілетін аудандары, өнімділігі

Мақсаты: Студенттерді республикада өсірілетін перспективалы майлы дақылдардың ерекшеліктерімен және өсіру технологияларымен таныстыру

Түйінді сөздер:

Жоспары:

1. Майлы дақылдар түрлері және маңызы
2. Республикада өсірілетін аудандары және өнімділігі
3. Өсімдік майының сапа көрсеткіштері



1. Тұқымдар мен жемістерінің құрамында өсімдік майы болатын өсімдіктерді майлы дақылдарға жатқызады. Өсімдік майларының жануарлар майларымен қатар азық-түліктік маңызы бар, өйткені олар жоғары калориялы болып табылады. Оларды тағамға консерві, наубайхана өнеркәсібінде, маргарин өндіруде кеңінен қолданады.

Азық-түліктік майлардың ішінде өндірісі бойынша бірінші орында майбұршақ майы иеленеді, содан кейін күнбағыс, жер жаңғағы, мақта, рапс, күнжіт, мақсары майлары иеленеді. Аталған дақылдар өсімдік белогінің маңызды көзі болып табылады. Майлы дақылдардан май өндіргеннен кейінгі қалдығында –күнжара мен шротта (майсызданған күнжара) 40% дейін белок болады. Күнбағыс, зығыр күнжарасы бағалы құнарландырылған мал азығы.

Рапс-қырыққабат тұқымдасына жатады. Дүниежүзінде рапстың егістік аумағы 9,0млн.гектардан асады. Біздің елімізде оның егістігі 2007 жылы 170,7мың га болды, жалпы майлы тұқымының түсімі 118,3 мың тоннаға жетіп, орташа өнімі 7,4ц/га құрады. Қазақстанда соңғы жылдары оның егістік аумағы артып келеді. Рапстың негізгі егістік алқабы Қазақстанның солтүстігінде-Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарында шоғырланған. Өнімнің әлеуетті (потенциалды) мүмкіндігі үлкен: суарылмайтын жағдайдың өзінде ол әр гектардан 15-18, ал суармалы егістікте 22-25ц және одан жоғары тұқым өнімін бере алады. Шаруашылықтарда рапс екі түрде күздік және жаздық өсіріледі. Күздік рапстың тұқымында 45-50%, ал жаздық рапта 32-35% жартылай кебетін май бар, оны тағамға, маргарин өндіруге, сонымен қатар лак-сыр, металлургия, полиграфия, ж.б.өнеркәсіп өнімдерін өндіруде пайдаланады. Майында 35-40% эрук және 10-13% линолен қышқылдары болады.

Алғы дақыл. Рапсты жақсы алғы дақылдардан-арамшөптерден таза, ылғалға мол, құнарлы-танаптарға орналастырған дұрыс, суармалы жерлер тіпті дұрыс.



Топырақ өңдеу жүйесі. Рапсты суарылмайтын жерлерде топырақты негізгі өңдеу жазық тілгіш терең қопсытқыштармен жүргізіледі. Себу алдында 5-7см тереңдікте культивацияланады, қажет болғанда 2,4-6л/га мөлшерінде 24% трефлан енгізіледі.



Тыңайтқыш жүйесі. Рапстан жақсы өнім алу үшін суармалы жерлерде азот пен фосфор тыңайтқыштарын (N_{40-60}, P_{60-90}) енгізеді. Таза сүрі жерлерде, қара топырақтарда және күңгірт қара-қоңыр топырақтарда азот тыңайтқышы енгізілмейді.



Себу жұмыстары. Биологиялық ерекшеліктері бойынша жаздық рапс ерте себілетін дақыл деп есептеледі, алайда Солтүстік және Орталық Қазақстан жағдайында мамырдың 20-нан әрі қарайғы мерзім қолайлы болып табылады. Жаздық рапсты жаппай қатардағы тәсілмен де (15,23см), кең қатарлы тәсілмен де (45-46см) себуге болады. Себу мөлшері қатардағы тәсілде 10-12кг/га, ал кең қатарлап себілгенде 7-8кг/га, тұқымның сіңірілу тереңдігі 3-4см.



Егістікті күтіп-баптау. Арамшөптерді құрту үшін егін көгінің 4-5 жапырақ кезеңінде жеңіл тісті тырмалармен тырмаланады. Кең қатарлы егістікте 2-3рет қатараралық культивация жүргізіледі. Зиянкестерге қарсы инсектицидтерді қолданады: қырыққабат бүргелеріне қарсы егістік егін көгі кезеңінде 50% Актелликпен бүркіледі, ал соңғы кезде аймақта сумиальфа жоғары тиімділікпен ерекшеленуде, қандала, жапырақкеміргіш қырыққабат көбелегінің сымқұрттары, рапс пилилшігі, рапс гүлжегіштеріне қарсы 20% сумицин да жақсы нәтиже береді.



Егінді жинау. Рапс біркелкі піспейді, ал піскен бұршаққындар жарылады да тұқымы шашылып көп шығынға ұрындырады. Ерте шапқанда тұқым семген түрде жиналады, майдың сапасы мен тұқым өнімі төмендейді, кеш жиналғанда тұқымның шашылуынан егін шығыны артып кетеді. Егінді тікелей орып бастыруға және бөлектеп жинауға болады: егістік біркелкі піскенде, арамшөптерден таза болғанда және тұқым ылғалдылығы 18% төмен болғанда-рапс тікелей комбайнмен орып бастырылады, бөлектеп жинағанда төменгі жапырақтар құрап, негізгі сабақтағы бұршаққын сарғайғанда және ондағы тұқым қоңыр және қара түске енгенде рапсты дестеге шаба бастайды, бұл кезеңде тұқым ылғалдылығы 30-40% дейін төмендейді, дестелердің кебуіне қарай тұқым ылғалдылығы 10-11% жеткенде дестелер бастырылады.



Пысықтау сұрақтары:

- 1. Республикада перспективалы дақылдары қай жерлерде өсіріледі**
- 2. Дақылдардың халықшаруашылығындағы маңызы**
- 3. Дақылдарды өсіру технологиясы**

РАПС – РАПС

Әдебиеттер :

Негізгі :

- 1. Қ.Қ.Әрінов «Өсімдік шаруашылығы» Ақмола, 1996, 31-38 б.**
- 2. Қ.Қ.Әрінов және т.б. «Өсімдік шаруашылығы» Алматы 2011 ж**

Қосымша :

- 2. М.Ерлепесов және т.б. «Суармалы егіншілік», Алматы, 1968, 51-87 б.**